«БЕКІТЕМІН»
Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі
Спорт және дене шынықтыру істері
комитет

_____ С.С. Ерғалиев
«__»_____ 2022 ж.

«КЕЛІСІЛДІ»
«Қазақстан Республикасының
Ұлттық паралимпиада комитеті» ҚБ
Бас хатшысы
_____ Е.М. Сулейменов
«__»_____ 2022 ж

«КЕЛІСІЛДІ»
«Қарағанды облысының дене
шынықтыру және спорт басқармасы»
мемлекеттік мекемесінің басшысы
_____ Т.С. Абылаев
«__»_____ 2022 ж.

«КЕЛІСІЛДІ»
«Қазақстан қолбол федерациясы»
ЗТБ Президенті
_____ М.М. Елибакиев
«__»_____ 2022 ж.

Голболдан жастар арасында
Қазақстан Республикасының чемпионатының

Ережесі

Қарағанды қаласы
2022 жыл

1. Мақсаттары мен міндеттері

Қазақстан Республикасындағы Чемпионат көру қабілеті бұзылған тұлғалар арасында спортты дамыту және танымал ету үшін жағдай жасау мақсатында өткізіледі және келесі міндеттерді шешеді:

- көру қабілеті бойынша мүгедектер арасында голбол жаттығуларына жағдай жасау және спорттық тәртіпті дамыту;
- көру қабілеті бойынша мүгедектер арасында салауатты өмір салтын насихаттау;
- көру қабілеті бойынша мүгедектерді дене шынықтырумен және спортпен тұрақты айналысуға тарту;
- зағиптар мен нашар көретіндерді дене шынықтыру және спорт арқылы оңалту және оларды әлеуметтік бейімдеу;
- мүгедектер мен көру қабілеті бұзылған тұлғаларды дене шынықтыру және спорт құралдарымен оңалту, өмірге бейімдеу және қоғамға кіріктіру бойынша жұмыс жүргізетін ұйымдардың қызметін жандандыру;

2. ҚР Чемпионатын басқару

2.1. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі, Дене шынықтыру және спорт істері комитеті
2.2. «Қазақстан Республикасының Ұлттық паралимпиада комитеті» ҚБ
2.3. «Қазақстан голбол федерациясы» ЗТБ

3. ҚР Чемпионатын өткізу орны мен мерзімі

3.1. Қазақстан Республикасының Чемпионатын өткізу мекен-жайы: Қарағанды қ., ...
- 22 сәуір - келу күні
- 23 – 25 сәуір – ойын күндері
- 26 сәуір - шығу күні

4. Чемпионатқа қатысушылар және рұқсат шарттары

4.1. Чемпионатқа 18 жасқа дейінгі, көру қабілеті бойынша мүгедек жасөспірім ер балалардан тұратын, голболдан жарыстарға дәрігердің рұқсаты бар командалар қатыса алады. Спортшыны медициналық қорытындылар бойынша чемпионатқа қатысуға рұқсат үшін «Рұқсат етілген» деген белгісі бар өтінім негіз болып табылады.
4.2. Чемпионатқа қатысуға өтінімдер айналым басталғанға дейін 7 күн бұрын электронды мекен-жайға жіберілуі керек: **golbolkz@gmail.com**
4.3. Жарыстарға қатысуға келесі спортшыларға рұқсат етіледі - МӘСК анықтамасының міндетті болуымен I, II, III топтағы көру қабілеті бойынша мүгедектер
4.4. Команда құрамы: өкіл, жаттықтырушы, жаттықтырушының көмекшісі, төреші, 3 ойыншы, 3 қосалқы ойыншы.
4.5. Қазақстан Республикасының Чемпионатына қатысу үшін әрбір команда Мандаттық комиссияға мынадай құжаттарды ұсынады:

Команданың атаулы өтінімі.
Ойыншылардың кеуде нөмірлерін көрсете отырып, техникалық өтінім.
Жеке куәлік.
МӘСК анықтамасы.
Тұрғылықты жерінен анықтама.

6.2. Тәртіпсіз мінез-құлқы үшін ойыншы ескерту және айыппұл лақтыру арқылы жазаланады. Мінез-құлық ережелерін бірнеше рет немесе өрескел бұзған жағдайда, ойыншы команданың келесі ойынынан шығарып тастаумен жазалануы керек.

6.3. Бір ойыннан шығарып тастау алғаннан кейін ойыншы келесі бір ойынды өткізіп алады. Бұзушылықтың ауырлығына байланысты, Бас төреші өз шешімімен ойыннан шығарып тастауды қосымша тағы бір ойынға көбейте алады, ол хаттамамен рәсімделуі керек.

6.4. Ойын уақыты аяқталғаннан кейін немесе хаттамаға қол қойылғаннан кейін ойыншы төрешілерге, қарсыластарға немесе көрермендерге қатысты тәртіпті бұзған жағдайда Бас төреші ойыншыға шығарып тастауды қолдана алады.

6.5. Чемпионатта аяқталмаған жаза ол қатысатын келесі Чемпионаттың келесі ойындарына ауыстырылады.

6.6. Ойынға келмеген командаға 0:10 есебімен жеңіліс есептеледі. Чемпионат барысында 2 ойын өткізіп алған Команда жарыстан шығарылады.

6.7. Команда мен ойыншылар жарыстан шығарылуы мүмкін, ал жаттықтырушылар және/немесе олардың көмекшілері спорт ғимаратының ішінде де, одан тыс жерлерде де тәртіпті өрескел бұзған жағдайда (төбелес, төрешінің шешіміне дау айту, төрешідер, қарсыластар мен көрермендерге қатысты дөрекі қимылдары, әдепсіз сөздер, мүлікке зиян келтіру және т.б.) команданы басқарудан шеттетілуі мүмкін.

6.8. **ҚГФ** командаларға, ойыншыларға, жаттықтырушыларға, жаттықтырушылардың көмекшілеріне және алып жүруші тұлғаларға жоғарыда көрсетілген теріс қылықтар үшін басқа да жазалар қолдануға, сондай-ақ бас төрешінің айыппұл санкциялары жөніндегі шешімдерін оларды күшейту жағына қарай қайта қарауға құқылы.

7. Наразылықтар

7.1. Ойын нәтижесіне наразылық.

Егер осы үшін көзделген және «IBSA голболдың ресми ережелерінде» тиісті бөлімде жазылған рәсім толық сақталған жағдайда ғана наразылықты ТА қабылдайды және қарастырады.

Команда құрамына наразылық.

- Команда құрамына наразылық бүкіл чемпионат барысында жазбаша түрде қабылданады.
- Дәлелденбеген жазбаша наразылықтар есепке қоса тіркеледі, бірақ қаралмайды. Оларды тексерумен **ҚГФ** айналысатын болады. **ТА** тек жазбаша дәлелді (қоса берілген құжаттармен) наразылықтарды қарайды.
- Егер команда құрамының бұзылуы дәлелденген жағдайда, ТА осы **Ереженің** «Тәртіптік санкциялар мен жазалар» тарауында баяндалған талаптарға сәйкес шешім қабылдайды. Олай болмаған жағдайда чемпионаттың нәтижелері бекітіледі және наразылық болған жағдайда, онда көрсетілген фактілерді тексерумен **ҚГФ** айналысатын болады.

8. Қаржы шарттары

8.1. Келесі шығыстарды **«Қазақстан голбол федерациясы» ЗТБ** көтереді:

- төрешілер алқасына, медициналық және қызмет көрсету персоналына, еріктілер жұмысына ақы төлеу.
- ойын залын жалға алу.
- жарыстың салтанатты ашылуы мен жабылуын өткізу.
- медальдар, кубоктар сатып алу, спорттық атрибуттар (афишалар, грамоталар, дипломдар, мұқабалар, жалаушалар, бейджде р, шақыру билеттері, жарыс бағдарламалары, кеңсе тауарлары), баннерлер дайындау.

АТАУЛЫ ӨТІНІМ

ГОЛБОЛ **спорт түрінен** Қазақстан Республикасының **қатысуға**

(спорт атауы) **(жарыс атауы)**

_____

(өтетін орны, өткізілетін күні)

_____

(мекеме атауы, қала, облыс)

№ р/с	Аты-жөні-тегі (толықтай)	Туған күні			Спорттық атағын	Мүгедектік тобы	МЭСК анықтамасы №	Спорттық класс	Тұрақты мекенжайы	Дәрігердің қолы және мөрі
		күні	айы	жылы						
1										
2										
3										
4										
5										
6										

Команда жаттықтырушысы _____ /_____/
(қолы) (Аты-жөні-тегі)

Барлығы жіберілген адам саны: _____

Дәрігер _____ /_____/ М.О.
(қолы) (аты-жөні-тегі)

Мекеме басшысы _____ / _____/ М.О.
(қолы) (аты-жөні-тегі)

Жарыска жіберілді _____ адам

Мандаттық комиссия басшысы _____